

## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 671	▲ 0,40%	▲ 13,7%
NASDAQ	22 670	▲ 0,66%	▲ 17,6%
DJIA	46 253	▼ -0,04%	▲ 9,1%
CBOE Volatility Index (VIX)	21	▼ -0,82%	▲ 15,1%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	9 425	▼ -0,30%	▲ 14,1%
DAX	2 037	▼ -0,29%	▲ 19,4%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	25 911	▲ 1,84%	▲ 32,0%
Nikkei 225	48 123	▲ 2,72%	▲ 20,6%
Shanghai SE	3 912	▲ 1,22%	▲ 19,9%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 064	▲ 0,13%	▲ 24,4%

### Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сәрсенбі күні қор нарықтарындағы сауда әркімді аяқталды: S&P 500 0,40% өсіп, \$6 671,06 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 0,66% көтеріліп, \$22 670,08 деңгейіне дейін өсті; ал DJI 0,04% төмендеп, \$46 253,31 болды. S&P 500 индексінің 11 секторының 8-і сауда барысында өсім көрсетті. Көшбасшылар қатарында Utilities (+1,2%), Real Estate (+1,0%) және Information Technology (+0,9%) секторлары болды. Негізгі артпа қалғандар – Financials (-0,8%), Industrials (-0,2%) және Materials (-0,4%) секторлары.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	9 701 995 021 980	▲ 0,4%	▲ -3,3%	▲ 26,5%
Consumer Discretionary	6 419 784 613 426	▲ 0,0%	▲ -3,2%	▲ 9,3%
Consumer Staples	3 264 351 571 005	▲ 0,3%	▲ 0,2%	▲ -6,6%
Energy	1 572 239 384 297	▲ 0,4%	▲ -2,4%	▲ 0,3%
Financials	8 240 150 754 759	▲ -0,8%	▲ -1,3%	▲ 14,6%
Industrials	4 813 963 308 080	▲ -0,3%	▲ 0,1%	▲ 7,2%
Information Technology	19 916 668 088 857	▲ 0,9%	▲ 3,9%	▲ 22,6%
Materials	954 715 112 592	▲ -0,4%	▲ -2,1%	▲ -9,1%
Real Estate	1 091 815 596 205	▲ 1,0%	▲ -1,2%	▲ -8,4%
Utilities	1 432 729 456 068	▲ 1,2%	▲ -9,1%	▲ 16,8%
Health Care	5 291 352 906 859	▲ 0,0%	▲ -2,9%	▲ -5,3%

Уолл-стриттегі акциялар Morgan Stanley және Bank of America компанияларының мықты есептерін жариялау аясында өсті. Бұл екі күндік оң банктік нәтижелер сериясын аяқтап, инвесторлардың үшінші тоқсандағы корпоративтік есеп беру маусымына қатысты оптимизмін күшейтті. Сонымен қатар, АҚШ пен Қытай арасындағы сауда шиеленісінің өсуі нарық қатысушылары арасында алаңдаушылық тудырып отыр.

Morgan Stanley бас директоры Джеймс Пиктің айтуынша, банктің үшінші тоқсандағы пайдасы нарық күткеннен жоғары болды, бұл рекордтық табысқа және инвестициялық-банктік операциялардан түскен кірістің 44% өсуіне, сондай-ақ акциялар саудасының ұлғаюуына байланысты. Ол сондай-ақ банк ықтимал сатып алуларды қарастырғанын, бірақ ақырында бизнесті өз күшімен дамытуға шешім қабылдағанын айтты. Morgan Stanley акциялары 4,7%-ға, ал Bank of America қағаздары 4,4%-ға қымбаттап, рекордтық деңгейге жетті. Екі банк те Уолл-стриттің үшінші тоқсанға арналған табыс болжамдарынан асып түсті.

Чикаго Федералдық резерв банкінің сәрсенбі күні жариялаған деректеріне сәйкес, АҚШ-та автокөліктер мен қосалқы бөлшектерді қоспағанда, бөлшек сауда көлемі қыркүйекте 0,5%-ға артқан, бұл тамыздағы 0,7%-дық өсімнен кейін тіркелді. Дегенмен сарапшылар бұл өсімнің бір бөлігі бағаның көтерілуімен байланысты екенін атап өтті. Сауданың баяулауы импорттық баж салығының әсерінен жоғары бағалар мен еңбек нарығының әлсіреуі аясында тұтынушылардың сақтық танытып отырғанын көрсетеді, бұл экономикалық өсімге қатысты белгісіздікті арттыра түседі.

Экономистер орта табысты отбасылардың қаржылық қиындықтарға жиі тап болатынын, ал төмен табысты үй шаруашылықтарының еңбек нарығының әлсіздігі мен бағаның жоғары болуынан ең көп зардап шегіп отырғанын айтады. Бұл тұжырымдар Федералдық резерв жүйесінің соңғы «Беж кітап» есебінде де расталады, онда 6 қазанға дейінгі кезеңде жоғары табысты азаматтардың қымбат сапарлар мен демалысқа жұмсаған шығындарының едәуір болғаны атап өтілген.

Осы есепте ФРЖ сонымен қатар кейбір жұмыс берушілердің экономикалық белгісіздік жағдайында қиындықтарға тап болғанын, ал кей жағдайда жасанды интеллект саласына инвестицияның артуы әсер еткенін хабарлады. Бұдан бөлек, қонақ үй бизнесі, ауыл шаруашылығы, құрылыс және өңдеу өнеркәсібі салаларында еңбек ресурстарының тапшылығы байқалған, оған Трамп әкімшілігінің заңсыз иммиграцияға қарсы қатаң шаралары ықпал еткен.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	358	0%	30,5%
Банк ЦентрКредит	4 780	-2%	108,5%
Kcell	3 380	3%	0,0%
Казатомпром	30 165	2%	47,5%
КазТрансОйл	850	2%	3,3%
KEGOK	1 482	0%	-2,6%
Kaspi.kz	42 300	-1%	-22,9%
КазМунайГаз	22 100	0%	51,1%
Эйр Астана	801	0%	-29,9%

  

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	538,46	0,06%	2,6%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	10,76	-2,12%	-23,1%
EUR/USD	1,1646	0,35%	13,5%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



## Аналитика департаменті

Байланыс:  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

Эл.адрес:  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

Эл.адрес:  
**broker@centras.kz**

## Сауда операциялары департаменті

Байланыс:  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

Эл.адрес:  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

Байланыс:  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

Эл.адрес:  
**broker@centras.kz**

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.